

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
кейбір шешімдеріне енгізілетін  
өзгерістер мен толықтыруларға  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2013 жылғы 4 қазандағы  
№ 1055 қаулысымен  
бекітілген

**Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастырғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері**

1. Төлемақы мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру жүзеге асырылатын тиісті күнтізбелік айдың бірінші күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшеріне қарай айқындалады.

2. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың сыртында ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастырғаны үшін базалық ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелері сыртқы (көрнекі) жарнаманың орналасқан жері және оны орналастыру жағының ауданына қарай белгіленеді:

Р/с №	Сыртқы (көрнекі) жарнаманың түрлері	Аудандық маңызы бар қалада, ауылда, кентте, аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жерлерде және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың бір тарапы үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)
----------	-------------------------------------	--

1	2	3
1.	Бейнекөрініс арқылы таратылатын сыртқы (көрнекі) жарнаманы қоспағанда, 2 ш.м-ге дейінгі сыртқы (көрнекі) жарнама	0,5
2.	Лайтбокстар (сити-форматтағы)	1
3.	Бейнекөрініс арқылы таратылатын сыртқы (көрнекі) жарнаманы қоспағанда, ауданы мынадай болатын сыртқы (көрнекі) жарнама:	
3.1.	2-ден 5 ш.м-ге дейін	1
3.2.	5-тен 10 ш.м-ге дейін	2
3.3.	10-нан 20 ш.м-ге дейін	3
3.4.	20-дан 30 ш.м-ге дейін	5
3.5.	30-дан 50 ш.м-ге дейін	7
3.6.	50-ден 70 ш.м-ге дейін	12
3.7.	70 ш.м-ден жоғары	25
4.	Шатырүсті жарықты сыртқы (көрнекі) жарнама (жарық-динамикалық панно немесе көлемді неонды әріптер):	

4.1.	30 ш.м-ге дейін	6
4.2.	30 ш.м-ден жоғары	8
5.	Бейнекөрініс арқылы таратылатын сыртқы (көрнекі) жарнаманы қоспағанда, палаткалардағы, тенттердегі, шатырлардағы, бастырмалардағы, қалқа-шатырлардағы, тулардағы, жалаушалардағы, штандарттардағы, көше жиһаздарындағы (жабдықтарындағы) сыртқы (көрнекі) жарнама:	
5.1.	5 ш.м-ге дейін	0
5.2.	5-тен 10 ш.м-ге дейін	0
5.3.	10 ш.м-ден жоғары	1
6.	Бейнекөрініс арқылы таратылатын сыртқы (көрнекі) жарнаманы қоспағанда, уақытша типтегі дүңгіршектердегі сыртқы (көрнекі) жарнама:	
6.1.	2 ш.м-ге дейін	0
6.2.	2-ден 5 ш.м-ге дейін	0
6.3.	5-тен 10 ш.м-ге дейін	1
6.4.	10 ш.м-ден жоғары	2

7.	Жылжымалы жайма жарнама	1
8.	Бейнекөрініс арқылы таратылатын, ауданы мынадай сыртқы (көрнекі) жарнама:	
8.1.	20 ш.м-ге дейін	3
8.2.	20 ш.м-ден жоғары	8
9.	Жүгіртпе жол арқылы таратылатын сыртқы (көрнекі) жарнама	1

---